

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1208 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласының аумағындағы тұрғын үй-жайлар (пәтерлер) иелері немесе өкілдігі азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген олардың заңды өкілдері 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Алматы қаласынан Астана қаласына Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігін көшіру үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) берушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі:

1) тұрғын үй-жайлар (пәтерлер) сатып алу үшін бөлінген қаражатты оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабы 3, 4-тармақтарының орындалуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі